# Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2018 жылғы 13 қарашадағы № 143-ө өкімі.

## Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже

### 1.Жалпы ережелер

1. Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі
(бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.
2. Кеңес Қазақстан Республикасында орнықты даму мақсаттарын
(бұдан әрі – ОДМ) ілгерілету бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады.
3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.
5. Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

### 2.Кеңестің міндеттері

6. Кеңестің негізгі міндеттері ОДМ-ды іске асыру жөніндегі бірыңғай саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу болып табылады.

### 3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі

7. Кеңестің қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.